

Әкімдіктің 2015 жылғы 19 наурыздағы № 101 "Қостанай облысы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы" қаулысына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы әкімдігінің 2015 жылғы 18 желтоқсандағы № 555 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 21 қаңтарда № 6154 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы әкімдігінің 2017 жылғы 28 наурыздағы № 157 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы әкімдігінің 28.03.2017 № 157 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес Қостанай облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қостанай облысы әкімдігінің 2015 жылғы 19 наурыздағы № 101 "Қостанай облысы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы" қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5567 болып тіркелген, 2015 жылғы 13 мамырда "Қостанай таңы" газетінде жарияланған) мынадай өзгеріс пен толықтыру енгізілсін:

"Қостанай облысы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесінің қарамағындағы мемлекеттік мекемелердің тізбесіндегі 6) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"6) Қостанай облысы әкімдігі дене шынықтыру және спорт басқармасының " Қадырбек Оспанов атындағы № 1 балалар-жасөспірімдер спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі";

"Қостанай облысы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесінің қарамағындағы ұйымдар тізбесі мынадай мазмұндағы 3) тармақшамен толықтырылсын:

"3) Қостанай облысы әкімдігі дене шынықтыру және спорт басқармасының " Мүгедектер спорт клубы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны".

2. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК